

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Ұлттық тестілеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 1850 Қаулысы

**Ескерту. Қаулының тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.18 N 365 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасында білім беру сапасын басқару тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Республикалық білім берудің мемлекеттік стандарттары орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мен "Республикалық тест орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын біріктіру жолымен "Ұлттық тестілеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

**Ескерту. 1-тармаққа тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.18 N 365 Қаулысымен.**

2. Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы мыналар деп айқындалсын:  
білім ұйымдарында оқу процесінің сапасын талдау және бағалау;  
жоғары кәсіптік және орта кәсіптік оқу орындарына түсушілер үшін кешенді тестілеу тапсырмаларын жасау және енгізу;  
оқу процесінің сапасын бақылайтын жаңа технологияларды, білім беру ұйымдарында оқытындардың контингентін конкурс бойынша қалыптастырудың жаңа үлгісін әзірлеу және енгізу;  
тестілеудің теориясы мен әдістемесіне ғылыми-әдістемелік зерттеу жүргізу, білім берудің сапасын және оның мемлекеттік білім стандарттары талаптарына сәйкестігін анықтау.

**Ескерту. 2-тармаққа тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.18 N 365 Қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорын жарғысын бекітсін, сондай-ақ оның мемлекеттік тіркеуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

**5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК